

ЭЛІБЕК ҚАНГАРБАЕВ

*Anau
ағаматы*

АЛАШ АЗАМТЫ ҚҰДАРТАЛЫҚ АЗАМТЫ

ӘЛІБЕК ҚАНГАРБАЕВ

АЛАШ АЗАМТЫ



Алматы
2007 жыл



I белім
АЛАШ АЗАМАТЫ
диалог-эссе



КІРІСІПЕ ОРНЫНА

Ардақты патша-көніл оқырман! «Өмірдің серуен, адамның-көшкен керуен» екендігі неықылым заманнан бері дәлелденген. Аксиомаға айналған. Десек те өмірді серуен екен-ау деп жеп-жеңіл, санаына салмақ түсірмей, тізесі бүгліп, белі қайыспай өткізетіндер қаншама! Олар көп. Өте көп. Неге десеніз, олар үшін үнемі басқа біреулер ой ойладап, бас қатырып, немесе санаын сазға батырып жүруі керек секілді болады да тұрады. Олар – ылғи да абстракциялық басқа бір топқа арқа сүйеп үйренгендер. Кейбір талантты деп жүрген жандарымыздың да Өмір туралы оқпаны мен шоқалағы көп тақырыпқа өндіме қозғалған жерде тайыздығын білдіріп қап жататыны сондықтан. Санаына салмақ түсірмеген адамның ми қабаттары да сонау жастық желік қуып жүрген кезеңдеріндегідей жып-жылтыр, жып-жылмағай боп қалатын шығар-ақ.

Олар үшін, әрине, келесі топ маңдай тері тамшылап еңбек етуі, ой ойлауы, ел мен жұрттың, оның болашағының қамын жеуіне тұра келеді. Бұлар көп емес. Алайда, тоқсаны жиналып тоқты, елуі жиналыпешкі соя алмайтын бағанағы көп боқташақтық мыңына біреуі төтеп бере алатындаш шүйделі олар. Олар дәл осындай тағдырды, тауқыметті тірлікті Жасаған иесінен жалбарына сұрап алмайды да. Шыр етіп дүние шымылдығын ашқанда маңдайына жазылып қойылады дейді білетіндер.

Тағдыр, жазмыш... Жұмбағы мол абстракциялық әлем. Өлі күнгі бірде-бір екі аяқты пенде осы бір тылсымның нақты дәлелін айта алмай, себебін анықтай алмай жүргені рас. Жұмбақ болғаны да пайдалы, керек шығар. Әйтпесе... «алтын көрсе, періште де жолдан таядьының» сыралғысын жасап, тағдырымызды да пара тығындаш айтқанға көндіріп, айдағанға жүргізіп алар ма едік, кім білсін?! Соңан кейін...

Азамат деп ауыз толтырып айтатындаш алдыңғы толқын ағаларымыз, заманы бір замандастарымыздың тошаны шомиіп барады. Арттан ерген ірімтік-ірімтік інілер туралы айту ертерек.

Кеңестік дәуірдегі жыртырымыз бен жамауымызды, олқылығымыз бен ойсыздығымызды, орашолақтығымыз бен берекесіздігіміздің обал-сауабын сол кеңкелес жүйеге тірей салушы едік. «Бодандық болмаса гой...» деп бей-берекет кіжінетінбіз. Тәуекелсіздік келген. Оны да додаға түскен, ит-сілікпесі шыққан көниар-серкеш сынды «алсаң да аласың, алмасаң да аласың» деп босагамызға лақтырып кеткен. Әй, не қыласыз, егемендікті дәл бір қырықжылғы ғарасат майданында қан төгіспен алғандай көпірейік-ай келіп. Тәуекелсіздік шоудың жасағанбыз.

Міне, дәл осы кезеңде тобыр-халық шынайы Азаттарынан көз жазып қалған. Көп іздеген. Бұрын ел басқарып, атқа мініп, тізгін ұстап жүргендерді қарқарадай көретін жұрт әлгілердің көбінің биліктің арқасында ғана «кісі» қатарына қосылып жүргендерін түсінген. «Е-е» дескен. «Сенген қойым сен болсаң, күйсегеніңен айналайын» дегендей, түңілген көбінен. Нарықтың қазақи түсінікке өкелген ең үлкен жақсылығы да осы еді. Нарық – бұрын қоқырайып жүрген көнтеген құыс-кеуделердің бет пердесіне дал-дұлын шығара жыртқан. Кімнің кім екендігін шынайы танитын заман туғаны рас еді.

Менің Ережеп Әлхайырұлы Мәмбетқазиев ағамен танысуым, білісуім де дәл осы кезеңнің еншісінде. Әрине, аты алты алашқа аян, атағынан атан үркетіндей абыройлы ағаны бұрындары да сыртынан білмедім деуге піндені сендеру қын. Дәл осы кезеңге дейін Ерекең тура-лы білетіндерім тек жалаң ақпараттар жиынтығы болатын. Ал, үлкен ғалым, білікті басшы, қоғам қайраткері Мәмбетқазиевті ақпараттар арқылы тану бір болек те, шынайы адами бейнесін ашу, соғаш үзілу мұлдем басқа дүние екендігі – ңырылдаған шындық.

Танысуымыз да кездейсок болды. 1997 жылдың қара күзі. Өскеменде «Турист» қонақ үйінің мейрамханасында бір замандасымың 50 жылдығы өтіп жатқан. Көзіл қимастықпен тойын жүргізіп беруге келіскеңмін. Көз сұғым-төрде тәбедей болып, жан-жагына мейірлене жымыш қойып отырган Ерекеңде. Бірінші рет бетне-бет көруім. Соз кезегін сол кісеге беру реті келді. Үмытпасам, үш-торт

Сондыктан, қазақ халқын білім, гылым, өнер, әдебиет, мейлі қай салада болмасын өлем жүрттының алдынға шығаратын үрнақтар осірейік. Төрбислейік. Үрнагымыз жеті жүрттың тілін білсін, жетпіс жүрттың ілімін игерсін. Сондай үрнақ осіргенде гана оке, ини болдық деп міндеттін алаңымыз. Олай болматын күнде, сапыңтың молдығынан да не пайдар!

Ал, қазақ баласы оте тұлғитты. Зерделі. Құймақұлак. Зейінді. Осындай табиги қасиеттері бар жүрттың үрнагына қазіргі заманғы озық технологияны, алдыңғы қатарлы ілім мен білімді сіңдер болсақ, соз жоқ, бізден озар мемлекет болмайды ғаламшарда, - дегенінде той тойлан, арқа-жарқа бол отырган жүрт шатыр-шұттыр қол согын жіберді. Козгалыс туды. Гу-гу, ду-ду.

Бұл кезең, ягни, 1997 жылдар ел экономикасының сінесін түсіп, ауылшаруашылығы, ауыр және женіл өнеркөсіптеріміз көтерем күй кешіп, бауырын сыйдан көтере алмай жатқан естанды, өліара шақ болатын. Жүдеу тұрмыстагы елде де берекесіздік бой көрсетіп, ертеңге деген сенімінің шымылдығын кір шалған. Ал, мемлекеттік деңгейдегі қайраткер Ерекен Әлхайырұлы сынды азаматтың өз аузынан өлгіндегі жігерлі де қайрақ сез естү отырган жандардың рухын жаныған. Сершілткен..

«Япыр-ай, ішкен-мәз, жеген-тоқ бол мамырjakай отырган жүртты да осылай өз арнасына бұрын алуға болады екен гой. Білімділікті, көрекендікті де осылай ашуға болатындығын бұрын негын байқамагамын? Мына кісінің аяқ тастасы мұлдем кесек екен-гой. Жақынырақ танысар ма еді?...»

Менің санамды дәл осындай күлдібадам ой шабактаң отті. «Сабакты ине сатімен». Үзіліс кезінде. «Ерекен сені шақырады» - деп бір жігіт келсін.

Бардым. Иілің солем бердім.

-Той жүргізу барысындағы өлең-жырларыңыз маган үнады. Орине, бұл жерде мені тым ясыра мактан жібергенізді де есепке алғын отырмын (кулді). Дегенмен, мен сізді бұрын көрмеген сияктымын. Қайдан келдіңіз, кімсіз? Ал, мен Ерекен Момбетқызыев деген ағаңыз бола-

мын, - деп жымия отырып қолын ұсынды.

Мен осы ғұмырымда талай адамдардың қолын алып, талай мықтылармен дәмдес болып, неқилы басшылардың алдын көрген адаммын. Сонда байқағаным, түйгенім мынау: қолына биліктің тізгіні тиғен адамның адам боп, азамат боп қалуы тек қана оның тегіне, шыққан ортасына байланысты. Қанында тектіліктің түйірі жоқ жандар қашшама мәдениетті, салиқалы бол көрінгісі келгенімен, кезкелген сөтте одан жасандылықтың иісі шығып тұратыны анық. Бәрі уақытша ғана. Қазақ: «мәстекке күміс жүген кигізгеніңмен одан тұлпар шықпайды» деуші еді ғой. Сол сияқты, жаңағы тексіздің атақ-абыройы да жасанды, иттің үстіндегі қырау сынды. Иттің үстіндегі қырау күн шыққан соң еріп кететіні рас. Олар биліктен кеткен соң-ақ халықтың санасынан, жадынан өшеді. Ұмытылады. Елі мен жұртының бүгіні мен ертеңі үшін іс бітіргенді қойып, шаңырағын шайқалтып, уығын шашып кетуі де мүмкін. Бәрі мүмкін.

Ал, екінші бір басшылардың тобы бар: олар екі дүниеде де басшылық пен абыройды алласына мінәжат етіп сұрап алмайды. Атақ-даңқтың артынан далақтап, тамыр-таныстарын балақтап, бұткіл өңірді адақтап шапқыламайды да. Оның абыройын халықтың өзі көтереді. Ол атқарып жатқан ірілі-уақты істері арқылы халқының сүйіктісіне, қимасына, ұлына айналады. Бұл абырой – мәңгілік. Оны, өлгі азаматты өз биігіне шығаратын – қанында қайнап жатқан тектілігі. Қала берді көргенділігі, білімділігі, ғұламалығы. Ғұламалық демекші, мен осы ғұмырымды көрген ғалымдарымның шынайыларынан үнемі тектілікті байқаймын. Ақсүйектік, бекзаттықтары аймүйізденіп тұрады.

Міне, Ерекең бойынан менің ең алғашқы көзіме тұскені оның қос жаңарынан саулап тогілген мейірімі болатын. Соңан кейін... Жымия отырып өріптесін зерттеп отыратын зиялды көзқарасы.

Қой, бірді айттып, бірге кетіп отырғаным жараспас. Ерагаңмен алғаш бетпе-бет танысқанымыздан бері де он жылға тарта уақыт өтіпті. Бұл он жылда қашшама ірілі-

уақты реформалық төңкерістер болды. Қазақша айтсак, қаншама жылы су, қаншама сұық су ақты. Алтай мен Алатау қыз-қалпында тұрранымен еліміз бен өңіріміздің бет-бейнесі мұлдем адам танығысыз тұр-тұс алды. Өзгерді. Жақсылықтар нұр болып саулады. Дәметкіш көңіл жақсылықтар болған үстіне бола берсе екен дегендей тымтым құнығуға бет тұзеді. Тұсінігімізде де төңкерістер бол жатыр. Бөрінің үнемі бір орында тұрмайтындығына көзіміз жетті.

Бұл он жылда Ерағацмен сан рет өртүрлі жиындар мен отырыстарда, реті келіген де жеке дара кездесіп жүрдік. Пікірлестік. Сыр ашыстық. Аға-іні болып ақылдастық. Көп дүние естідім. Көп дүниеге көзім ашылды.

Жүре-бара санамды бір ой кеулемді. Ол: «Ережеп Әлхайырұлы сынды азаматтар тым көп емес. Аз. Өмірінің өткелектері мен өткелдері сан үрпақ тағылым мен таным аларлықтай құнарлы да бай. Егер бүгінгі таңда сол туралы бірер ауыз сөз айтып қалмасақ, ертең кеш болатыны рас. Қолға алсам қайтеді?!» - деген ниет еді.

Шет жағасын өзіне де жеткіздім. Алғашында тосырқады.

- Фылыми кітаптарым, жарық көрген еңбектерім бір басыма жетіп артылады. Фалым адамға ең үлкен байлық та, артына қалдырар мол мұра да сол емес пе. Оның үстіне ел не дейді. Мөмбетқазиевке осы абырай-атағы жетпегендей, кітап жазғызғаны несі деп жүрер. Оны да ойламасқа болмайды. Бар болсаң – көре алмайтын, жоқ болсаң-бере алмайтын алакөз ағайын артын ашып, бетін шымшып құліп жүрсе не дейміз.

Ниет, ықыласыңа рахмет! Мен туралы баспасөз беттерінде очерк, мақалалар да молынаш шыққан. Әзірше солар да жетер, - деп өзіне төн бекзаттықиен әдемі бастартқан.

Мен мұлдем қатын қалған қагиданың адамы емеспін. Өз тұсінігім мен пікірлерімің сөл қыстау, шетендеу екендігін дер кезінде байқап, соған байыпты тұрде тұзету енгізген кез-келген адаммен ортақ тіл тауын, тұсінісін кете алатынымды білемін. Жарықтық, партизан-жазушы

ағамыз Қасым Қайсенов өзінің 85 жылдық тойында өзі туралы басы бар да аяғы жоқ көпірме мақтауды ести-ести өбден сансырай шаршаған шакта: «Әй, жігіттер, өзім де күйім болмай ауырыңқырап жүр едім. Мына беталды мақтуларыңмен одан өрі тұралаттындар. Қері, ауру, тағдыр теперішін өбден тартқан ақсақалымыз еді-ау деп те «аяған» жоқсындар. Қайсеновты мақтауды осымен тоқтатсақ қайтеді?! Жалпы мен өзімді өзім жөне кім екендігімді өйбөт білемін гой» - деген екен.

Сол ағамыз айтпақша, мен де өзімнің кім екендігімді, шығармашылық потенциалы қандай деңгейдегі адам екендігімді көп кісіден тәуір білемін. Әрине, жоғарыдағы Ерағаң айтқан сөздің түбінде жылтыраған шындық бар екендігін іштей мойындасам да, дөл осы жолы өз қағидамды үстап қалуға тырыстым. Оның дөлелді себептері де жоқ емес болатын.

Біріншіден, Ерағаң да пенде. Ол да бала болған, ол да желекпе жастық шақ деген көкорайды кешкен. Оның да өмірінің көктемі, күзі, жазы болған. Онда да пендеге тән күйініш, сүйініш, өкініш, қуану, қайғыру, шаттану деген сезімдер бар. Фылыми очерктер адамның дөл осы бір ішкі иірімдерін ашып беруге қауқарсыз...

Екіншіден, Ережеп Әлхайырұлы тек қана ғұламағалым, айтулы педагог қана емес, ірі деңгейдегі, Үкімет құрамындағы басшы. Фалым болу кез-келген зерделі, білімді жанның қолынан келер-ақ, алайда басшы бола білуді кім көрінгеннің маңдайына жазбаған. Мөселен, Абай Құнанбаевты алайықшы. Ғұламалық, хакімдігі пайғамбар деңгейлес адам. Абайдың трактаттары, философиялық өлең-жырлары қазақ ұрпағының мөңгілік үстанымы болары шындық. Десек те сол данышпан Абай біраз уақыттан кейін болыстықтан бас тартқаны несі? Биліктен басын ала қашуында не түйткіл жатыр? Данышпандығы тоқымдай өңірдегі Тобықтыны қойып, алты алаштың жас-кәрісін үйитқан, бастарын шүлғытқан ұлы адам бір болыс елді басқара алмады деуге кімді сендергендейміз?

Жоқ, мөселе бұл жерде басқада меніңше. Абайдай зерделі адам өзінің бойында басшы болуға лайық мінез

дейміз бе, қасиет дейміз бе, өйтеуір бір аса қажетті дүниенің жоқ екендігін дер кезінде көре білген. Сондықтан да бастартқан.

Жалпы, ғаламшардағы кез-келген мемлекетті басқарған тарихи тұлғаларды жіліктеп, екшетін болсақ, көбінде гуманистік қасиеттердің олқы соғып жатқанын байқаймыз. Яғни, гуманизм басшы адамға, көп жағдайда жолсерік, бағдаршам бола алмайды. Мөселен, Абылайханға жөн үйретіп, жол сілтеп, керек жерінде ұрсып та тастап отыратын Бұқар жырау ақылгөйіміздің ақыл қоржыны қай қазақтың ханынан кем? Кем емес. Ол көшбасшы, қолбасшы болуға жаралмаған тұлға.

Міне, мен Ережеп Мөмбетқазиев ағамыздың бойынан дәл осы екі қасиеттің, атап айттар болсақ, ғалымдық пен көшбасшылықтың бір арнаға тоғысып жатқандығын байқағанмын. Әрине, бұл жерде екі қасиеттің міндегі түрде біреуі айшықтанатыны рас. Ол туралы өңгіме кейіндеу.

Үшіншіден, Ерағаң тек басшыған болып, сонымен ғана шектеліп қойса жарайды, ол білім беру саласында аса ірі реформалар жасаған, мүмкіндігі болмай қалған шақтарда соған әрекеттенген тұлға. Ол жол - өте ауыр да қатерлі жол. Ол жолда санқылыштар, сан түрлі өткелектер, сан мінезді кейіпкерлер, түйіні тоқсан бұрау проблемалар болғаны – бесенеден белгілі. Әлемдегі бірде-бір реформанға май жаққандай тен-тегіс орына түссе қалмайды...

Сондықтан, мен Ерекең туралы тиіп-қашып жазуға отырғанмын. Алдында үлкен қыындықтар кездесерін де түйсінгенмін: ғалым әрі басшы, мемлекеттік деңгейдегі тұлға, әрі көзі тірі кейіпкер туралы деректі эссе жазу өте ауыр екендігін білмедім деу-әбестік. Білдім. Жазылып біткеү күнде де біреудің көңілінен шықса, екінші біреулердің оған ериін шүйіре, сүлесоқ қарайтынын да болжадым...

Алдымен, ұмытиасам 1999 жыл болар, менің қаламыман «Қыран гұмыр» атты колемді дастан дүниеге келді. Қоңтеген оқырмандар жақсы қабылдады. Әрине, скептиктер де бой көрсетті. «Әйтсе қайтушы еді, бүйтсе қайтушы еді? Тым-тым асыра дәріптеу, басшы болғаннан

соң мақтайды да - деген сыйнды сыпсың сөздер, өрине, Ерагаңың да құлагына жеткен шығар. Тарапалымы тым шөмиіп шықты. Мәселе онда да емес.

Поззия жанрында ақынның ақындық қуаты қашшама қуатты болса да кейінкерлерінің жан-дүниесін дөл прозадағыдай ашып бере алмайтыны рас. Прозаны таңдаудың да сондықтан.

Бұл сұхбат-эссе де мен сабактастық стилін ұстаным еткенім жоқ. Ұзік-ұзік эпизодтар арқылы Ережеп Өлхайырұлының азаматтық тұлғасын, оның позициясын, жанының сірілігін, адами ірілігін беруді мақсұт еттім.

* * *

1998 жылдың жазы. Қалба тауының момақан, мамыражай қолатындағы айдынды Сібе көлінің жағасы. Тұс ауған шақ. Құбыладан майдада қоңыр самал еседі. Көл бетіндегі ұсақ толқындар жағалауды шөп-шөп сүйіп жатыр. Тыныштық.

Ерағаң екеуіміздің жекедара алғашқы кездесуіміз. Реті бүгін келді.

БІРІНШІ САРЫН

Ә. Қ.: Ераға; төуелсіздік алдық деп тақиямызды төбеге лақтырып, қызылтанау болып жүргенімізге, Алла қосса, биыл жеті жыл толмақшы. Алайда, халықтың көз жасы кеппей, көкірек шері тарқамай жатқаны несі? Іссапарлармен алыс ауылдарға жиі шығып жүремін, сонда не байқады дейсіз ғой?

Ауылдар тозып барады. Бұрынғы бір ұжымшар мен кеңшарлардың алқымының астына тығылып, жан бағып, бірлік-берекелерін айрандай үйитып отырған жүрт шілдің қындағы тоз-тозы шығып кеткен. Ауылда ұрлық-қарлық көбейінті. Есті жүрт, қалтасында тыын-тебені барлар орталыққа, қалаға бет бұрыпты. «Өлсем сүйегім туған топырагымда қалсын» дейтін кешегі қаны тымырын жыртып жіберетіндей қазактардың тұқымы тұздай құрығаны қалай? Бұл дүние не бол барады осы?

Е. М.: (ол көзін Қалбаның іркес-тіркес шыңдарына

қадап ұзак отырды. Үңғыранды. Жымиды. Әңгіме бастардағы өдеті. Маган дәл осы сөтте жанымдағы жақсы ағам жемтігіне атылатын жолбарыс секілді көрінді).

...Е, е.. Баяғыдағы Ақтамберді бабамыздың:

Күлдір—күлдір кісінетіп,
Күренді мінер ме екенбіз?!
Күдеріден бау тағып,
Қамқапты киер ме екенбіз?!
Өзенге бие байлатып,
Төскейге орда орнатып,
Төркілдеп ошақ қаздырып,
Төбел бие сойғызып,
Төменде бидің кеңесін

Біз де бір құрап ма екенбіз?... – деп кететіні бар емес пе еді. Қазақтың төуелсіздікті жырламаған, соны аңсамаған дөуірі жоқ та шығар. Сол өксікті армандарын ақ шәйі орамалға түйіп, жиырмасыншы гасырдың соңғы онжылдығына да аман-есен жеттік-ау.

Жеттік дегенім жай сөз, осынау аламан-асыр жолда, гасырлар тізбегінде қазақ басынан не өткермеді? Қашама асыл-жауһарлары дөуіріміздің ашық-шашық арбасынан төгіліп-шашылып, уақыт тозақымен көмілді. Мен ойлаймын: кез-келген ұлт баласы төуелсіздікті атасынан асыра қадірлейтін шығар-ақ, алайда төуелсіздіктің қадірін дәл қазақтай қастерлейтін, сарыла күткен ел ғаламшарда болмауы да мүмкін.

Арыға бармай-ақ, анау V асырда бүткіл түркілердің басын тоқайластырган, бір табақтан ас ішүгे, аталы сөзге имамның алдындағы шәкірттей үюға бар күшін сарыпқан Еділ патшабабамызды алайықшы. Еуонаоны. Атилла атап жүр. Сол бағамыз кезінде төуелсіз түркі жұрты осы Алтай-анамыздың қойын-қонишина сыймай асып төгіліп, қара құрттай құжынапты. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалап, сен же де мен же, сен іш те мен іш мамыражай заман туынты. Бірсін-бірсін байлықты басқа теуіп, қазы-қарта, жал-жаядан да кекірелей бастаған жұрт алып Алтайдың сай-саласына сыймай, лақылдай төгілетін деңгейге жеткен корінеді. Төуелсіз, мамыражай заманда адамның басы да,

төл де осетіні шындық, Ақыры, Алтайы жұртына тарлық ететінін түйсінген данышпан Еділ бабамыз қара бақайына дейін мұздай қаруланған жарты миллион қолмен құбыланы бетке алып шықпай ма. Жер іздейді де баяғы. Сонымен түркілердің томар түяқ тұлпарлары Еуропаны ары да бері шаңдатады-ай! Бұл заман-түркі жұртының төуелсіздіктің зомзәм шөрбетін мөлдектей сімірген шағы екен. Еділден кейінгі оның үрпақтары бір-бірімен қырық-пышақ болып, бұtkіл жұрттың басындағы бармақтай бақ құсын үркітіп алғаны бар.

Ол титімдей бақ – төуелсіздік Шыңғысхан бабамыздың тұсында қайтара кеп қонды. Оныңда арты ары тарт, бері тартырық-жырыңға ұласып, түркі жұртының тұтастығынан айырылуына өкеліп соқты.

Сонан кейін-ақ қазақтың төуелсіздік үшін сан ғасырға созылған, жан алып, жан беріскен ереуіл шағы басталды. Байқайсыз ба, мынау монданақтай жер бетінде Мәңгілік ештеңе де болмайды екен. Бөрі өтпелі. Мәңгілік бір ғана үрдіс бар, ол – халықтың, ұлттың рухы. Алайда, оның да тоз-тозын шығаруға, сындыруға болатынын біздің соңғы отаршыларымыз Ресей империясы жеріне жеткізе дөлелдеп берді. Оны да бастап өткердік. Өлгі Жұбан Молдағалиев ағамыздың дастанынжағы «мың өліп, мың тірілген» қазақ үлтynың үрпағымыз біз.

«Әй, бір мемлекет мәңгілік болса, ол – Қеңестер Одағы шығар-ақ» деп жүруші едік. Жоқ, оның да идеялары 70 жылдан кейін быт-шыт болып, кешегі күні күшпен бір ошақтың басына тоқайластырған сандаган ұлт республикалары шілдің қындай шашырап тұсті. Иә, мәңгілік ештеңе болмайды.

(Ағамызосы бір тұста терең тыныстады. Қолына іліккен бір қағазды шырышықтап ұзақ отырды да...)

Мен жалпы Қеңестер Одағынан тек қана жақсылық көрген үрпақтың өкілімін. Өтірік айтЫП күнө арқалағым келмейді. Оқыдым, Жетілдім. Осының бері өзімнің ғана еңбегім десем, қателескен болар едім. Үкіметтің арқасы. Өзімнің талабым қосылды оған.

Казіргі күні Қеңестер Одағының бұtkіл жүйесін қарғап-

сілеп, батпақ жағушылар көп. Өте көп. Алайда, бұл ниетіміз дұрыс емес. Бүгін-кешегі күннің шөкірті. Яғни, үрпағы. Оның үстіне кешесіз бүгін болмайтыны – аксиома. Бүгін басқа қоғамдық құрылымда өмір сүріп жатыр екенбіз деп кешегі қоғамдық формацияның жақсы тұстарын көрмей, көзді тарс жұмып өте шығуды тіпті пәндені қойып, тарих кешірмес.

Мәселен, денсаулық сақтау, білім беру, өлеуметтік қолдау сынды салаларда ұлкен-ұлкен табыстар Қеңестер Одағында болмады деп кім айта алар екен. Жоқ, есті адам олай деп айтпайды.

Бұдан барып кешегі формацияның өкілдеріне Тәуелсіздік қажетсіз екен-ау деген ой тумаса керек. Тәуелсіздік бәрімізге бірдей ыстық. Мәселе, оның қалай келуінде емес. Оның екі-ақ жолы бар: төңкеріс жөне бейбіт түрде. Төңкеріс қантөгіссіз болмайды. Бізге соның сөтін саланда бейбіт жолы бүйірыпты. Оған да тәубе деу керек шығар. Десек те...

Жалпы адам баласы аяқ асты бол қалған оқиғаларданabdырап, саналы қымыл жасай алмайтыны рас. Біз де тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында солбір нөубетті бастап кешірдік. Тәуелсіздік тұтқылдан келді. Дайындығымыз жоқ еді. Ал, дайындықпен келген елдердің жағдайы мұлдем бөлек болатыны шындық. Мәселен, Ұлыбританияның бодандығында болған Үндістанды алайықшы. Бұл жүргт сандаган жылдарын күреспен откізді. Қүрестің өзі дайындық университеті. Тәуелсіздік алған күнде де бізді кім басқарады, үшпаққа кім жеткізуі мүмкін деп бас қатырган жоқ. Себебі, Махатма Ганди, Жавахарлал Неру сынды төңкіріспен көзін ашқан, соны өмір мұраты тұтқан жандар болашақ тәуелсіз Үндістанның тыныс-тірлігінің жобасын дайындал түрмеде жатқан.

Ал, тағы да... Оңтүстік Африканың қарадан шыққан көшбасшысы Манделла жиырма жыл түрменің қандаласы мен битіне жем бол жатып тәуелсіздік күресіне басылық жасаған.

Тізе берсек, мұндай мысалдар жыртылып айырылады. Қазақстанның жағдайы мыналарга мұлдем ұқсамаганын

жақсыбілеміз. Қызыл имперяның қызыл жалауы жалп етіп құлағанда да Төуелсіздікке осқырына, үркे қарағанымыз рас. Яғни, саяси дайындығымыз болған кезде, мен XX ғасырдың басын айтып отырмын, тарихтың өкпек желі онынан тұрмады. Ол кездегі Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бекейханов, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай, Мұхаметжан Тынышбаев сынды азаматтарымызды империя жендеттері жөргегінде тұншықтырды. Өйтпесе, әрқайсысы жеке-жеке бір-бір елдің көсемі болуға лайықты жандар емес пе еді. Әттең, сол кезде туелсіз ел болуға қазақтың мүмкіндігі толығымен болған екен-ау!

Мойындауымыз керек, төуелсіздіктің алғашқы жылдарында бізде мемлекеттік қызмет салаларының тізгінін ұстайтын азаматтардың аз болғаны рас. Қазақтың багына орай Нұрсұлтан Назарбаев сынды Президент болмағанда, төуелсіздікке жақадан ғана қолы жеткен мемлекетіміздің болашақ тағдыры не боп кетер еді?! Ал, Назарбаев нағыз қайраткер болатын. Қайраткерге ұлттық, мемлекеттік деңгейде ғана ойлап қою аздық етеді, ол өлемдік деңгейде ойлай алатын адам болуы шарт. Ол лауазым мен мансапқа төуелді болмайды. Оны тағынан айырып тастасаң да қайраткер болып қала береді. Міне, Нұрсұлтан Назарбаев сондай тұлға.

Ендігі бір қайырым – Төуелсіздіктің келуі жайлы.

Өзінізге белгілі, 1991 жылдың басынан-ақ КСРО-ның кетеуі кетіп, қанқұрт түскен азу тістердей топаны азайып, бет-бетіне бөлініп, өз қотырларын өздері қасуға көшті. Ерте көктемде, сонау 1940 жылы тізе күшке салып, келісім ризалығын сұрамай-ақ қоқанлоқымен КСРО-ның құрамына кіріктірілген Балтық бойы мемлекеттері қош айтысты. Жазда Молдава, Кавказдағы Грузия, Армения, Азербайжан қол сілтеді. Орта Азия республикалары да 1-қыркүйекке дейін КСРО құрамынан шығып, тірлікке көшті. Мені: «Апырау, Қазақстан нені, кімді тосып жүр?» деген - сұрақ мазалағаны да рас.

Сол жылдың 16-желтоқсаны. Бұл кезде Украина, Беларусь, Ресей де бір-бірінен ажырап, егеменді ел боп кеткен. Ақыры, үш ай кешігіп барып біз де төуелсіздігімізді

жарияладық.

16-желтоқсанның кешінде теледидар дикторы:

- Бұгін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі еліміздің Төуелсіздігін жариялады, - деді.

Күнделікті, аса мөн-маңызы жоқ оқигадай-ақ хабарландыру болды. Шынымды айтайын ба, ересек басыммен жылап жібердім. Көзімнен баданадай-баданадай көз жасы тырс-тырыс тамып жатты...

Десек те Төуелсіздікті директордың аузынан емес, мемлекет басшыларының біреуінен естуіміз керек еді гой. Тағы да «неге, неге?» деген шашу сұрақтар жүргегімді шымшылай бастады.

Төубел! Бұл күнге де жеттік-ау! Жат жұрт, жат босағада өмірге келген маған атамекенімнің Төуелсіздігін көруді жазған аллаға мың сан алғыс алқаладым.

Ал, енді өңгіме ауанын төуелсіздіктен қазақ жұрты не күтіп еді дегенге аударайық.

Төуелсіздік деген сөз – шартты ұғым. Фаламшарда абсолютті төуелсіздік деген болмайды. Бәрі-бәрі бір-біріне тәуелді. Адам табиғатқа, табиғат адамға дегендей...

Анау, өткен ғасырдың 60-жылдарының бастау алар тұсында танымал ақыннымыз Олжас Сүлейменовтың «Адамға табын, Жер енді» деген дастаны шығып еді гой. Жер-көктің арасын даңғаза шуга айналдырып: «Фарышқа ұшып жатырмыз. Енді Жерге тәуелді емеспіз. Сен енді Адамзатқа табын!» деп Жер жарықтықтың қадірі мен абыройын төуір-ақ түсірген дастанды аспандатқанбыз. Ол кезде 25-ке келмеген жас кезім. Бұла кезім. Десек те өлгі поэманды оқып шыққаннан соң: «Апыр-ау, Олжекең тым артықтау көсіп отырған жоқ па? Табанымызбен сол Жерді басып, қорегімізді содан айрып жүргенімізді неге ұмытамыз. Сол Жерге табан тіреп тұрып: «Сен енді маған бас ұруың керек» дегеніміз астамшылық қой!» - деп ойлағаным рас.

Әрине, қызыл идеология біздің көнтеген аузы дуалы деген ақындарымыз берін жазушыларымызды, иісі зиялдыларымызды айтқанына көндіріп, айдағанымен жүргізгені, бишігінің ысқырығымен жусатқаны белгілі. Тіпті абыз жазушымыз Мұхтар Әuezовтың өзі «Абай жолын» жазғанда

амалсыздың күнінен шындыққа сырт беретінін білесіз. Алайда, Жер-анаға тісін батырып, бүйрық беріп жатқан Олжас замандасыма сол кезде іштей наразы болғанымды жасырып қайтейін.

Әңгіме төуелсіздіктен шықты ғой. Дәл қазақ баласы үшін оның алар орны ерекше. Экономикалық жағынан , руханият мәселесінен жұз пайыз төуелсіз болып кеттік деп ешқандай мемлекет ұрандай алмайды. Тіпті, байлықты басқа төуіп, кекірігі азып отырған АҚШ-тың өзі төуелсізбіз деп айта ала ма екен? Жоқ. Айта алмайды. Өлемдегі экономикалық үрдіс бар мемлекеттерді шырмауықтай шырмап, қырқаяқтың шеңгелімен шыжымдап жатқаны белгілі. Сондықтан да төуелсіздікке қолы жеткеніне 15-ақ жыл болған Қазақстан неге құрық үзіп, алға шығып кетпеді деуіміз - өбестік.

Бұрын Үкіметтің дотаціясымен қалт-құлт күндеріп көріп отырған ұжымшар, кеңшарлардың аяқ астынан тоз-тозы шыққанының да обал-сауабын билікің қабылетсіздігінен деп, солардың мойнына іле салуға болмайды меніңше. Қоғамдық формация өзгерді. Солай болуға тиіс болатын.

Әрине, берекесіздіктер де болды. Қөшбасшылар болмады. Қеңес дәуірінде тасқапшық төртіппен ел басқарғандардың басым бөлігі тек нұсқауды орындаушылар ғана екен. Елді тығырықтан алып шығу қолдарынан келмеді. Қаймана жұрттың еңсесі түсетіні де сол кезең.

Десек те капиталистік дүниенің заңы сол - өркім өз күнін өзі көріп, өз қотырын өзі қасуға міндettі. Ал, нарық деп тонын айналдырып кигізіп жүргеніміз – көдуілгі капитализм.

Хош, көп шаруашылық салалары, өсіресе мемлекет несиесімен жан сақтап отырған ұжымшар, кеңшарларға сеніп отырған жұрттың өптер-төптері шыққаны рас. Өркім өз қолындағы ірі қарасы, ұсағының ағы мен қызылына емініп, тандыры шыққан омырау сауып қалды. Шандыр омыраудан дым тамбасы белгілі. Сонымен даярга дөндең алған жұрт зарлап-зарлап өбден жағы талып, көз жасы суалған соң тірлік етуге қам-қарекет жасай бастады. Төубе,

қазіргі таңда ауыл жұрты жан сақтау төсілдерін менгеріп алғансынды. Енді ұсақ шаруа қожалықтары іріленуі шарт. Сонда барып уайымдары азаяды. Сонда барып халықтың басым бөлігі қомақты қаржыны қолымен ұстап, көзімен көретін болады.

Мен сізге бір ғана мысал келтірейін, кез-келген тіршілік иесінде, оның эволюциясында прогресс деген болуы керек. Онсыз қоғам дамымайды. Мәселен, мына мені алайықшы. Бай тұқымынан емеспіз. Мүмкін арғы аталармызда дөulet болған да шығар, кім білсін? Өз өкем қарапайым балықшы болды. Ұзап оқи алмаған адам. Ал, одан қалған екі ұл – агайым Хамит пен мен. Агайым, өскери ұлken шенге жеткен өрі қоғам қайраткері болды. Мен академикке дейін көтерілдім. Прогресс дегеніміз осы.

Сондықтан ауыл шаруашылырында да прогресс болуы шарт. Іріленген шаруашылықтар болса көп адамның бір уайымы азаяды. Оnda қазіргі күні Елбасы Нұрсұлтан айтып жүрген МТС-тар құру да өз нәтижесін береді. Тек ірілену қажеттігін жүртқа ұғындыратын, санаына сіңіретін дуалы ауыз керек.

Төуелсіздіктік ертеңі не? Ол – ғаламшардағы іргелі мемлекеттердің қатарына қосылу, ол – ұлтты сақтап қалу, ол - өркениет төріне шыгу, қысқасы, әлемдегі ілім мен ғылымды менгеру.

«Біз төуелсіз қазақ мемлекетіміз, сондықтан бар жақсылық қазақтарға жасалуы керек», - деп көкірегімізді соғуға да болмайды. Әлемде ғаламдану жүріп жатқан кезеңде есігімізді тарс бекітіп, ешкіммен қарым-қатынасқа түспей отырамыз деу – абсурд. Мемлекетте ұлттардың көп тұруы қасіret емес, қасіret – салиқалы басшылықтың болмауында. Құдайға шүкір, қазіргі Қазақстанда сондай басшы бар. Ол – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Сол кісінің салып отырған сара жолынан ауытқып кететін билік иелері – Елбасының да, мемлекеттік жүйенің де атына кір келтіретіндер. Солардан арылу керек. Қоғам қайраткерлері, билік тізгінін ұстап отырғандар өз Отанының шынайы патриоттары болғанда ғана Қазақстан өз мұратына жетеді. Онсыз мүмкін емес.

Төуелсіздік жалпы түркі жұртының сан ғасырлық мұраты еді. Ежелгі түркі жұрты төуелсіздіктің дәмін сан рет тұщынған. II-IV ғасырлар түркі халқының топтасып, мемлекет болып қалыптасуы десек, сол IV ғасырда-ақ түркілердің азызға айналған патшасы Еділ (Еуропа Атила деп атайды) қарақұрым жұрты Алтайға сыймаған соң жарты миллион мұздай қаруланған қолын бастап Батысқа бет бұратыны бар. Мақсат біреу-ақ. Халқына жайлыш қоныс тауып беру.

Мен сізге бір қызық айтайын, бұткіл Еуропада түркілердің тоқпақ жалды аттарының тұяғы тимеген тоқымдай жер жоқ. Батыс жағалауға – Атлант мұхитына дейін жеткен ғой.

Дүниежүзіндегі түркілермен қаншатысы жоқ жұрт кемде кем. Француздардың Бургундиясы, немістердің Саксониясы таза қыпшақ өулетінің ұрпақтары. Украина дағы Киевтің негізін қалаған – тағы да қыпшақтар. Україндықтардың орыстармен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Екі түрлі жұрт, екі түрлі қан, екі түрлі мәдениет, екі түрлі салт-дәстүр. Жиі-жіңі шекісіп қалатындары да сондықтан.

Түркілер үш ғасыр бойы өлемді ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған. Тіпті азуын Айға білеген Рим мен Византия Еділ патшага құлдық ұрып, алым-салық төлеп тұрган. Бұткіл Еуропадағы халықаралық тіл бес ғасыр бойы түркі тілі болғанын білесіз бе?

Міне, дәл осы кезеңде түркілер төуелсіздік зәмзәмін сарқа ішкен. Әттең, Еділ патшага 453 жылды үберіп өлтірген соң оның артында қалған 175 ұлының арасына Рим мен Византияның айлакер саясаткерлері бақталастық отын жағып, істемегенді істеді-ау. Сөйтіп, түркілердің аты тарихтан өшіріле бастады. Саналы тұрде. Болып, толып алған Еуропа өзінің мәдениетінің де, әдебиетінің де, әдет-ғұрпымың да, дінінің де, тегінің де түркілерден бастау алғанына на-мыстанып, оларды тарих оқулығына «тағылар», «жабайылар» деген атпен кіргізгені рас. Ал, шындығында олардың тарихы құрақ-құрақ өтіріктерден тұрады.

Екінші рет қазақтар төуелсіздікпен Шыңғысхан

бабамыздың кезінде жолықты. Оның қолы негізінен қазақ руларынан құралған. Ал, тарихта оны монгол деп түсіндіру – тағы да өрескел, сорақы өтірік. Тағы да оны қазаққа қимаған Еуропаның саясаткерлері. Саясаткерлер кез-келген дәуірде тарихты өз пайдаларына қарай бұрып отырған ғой. Шыңғысхан туралы том-том романдар жазған Ян мен Исаиј Калашниковтар да шатасып, Шыңғысханды қыпшақтармен соғыстырып, Отырарды күйреткізіп қояды. Ол кезеңде Отырарда тек парсылар тұрған. Шыңғысхан парсылармен соғысқан. Қазақтармен емес.

Сонан кейінгі көріп отырған тәуелсіздігіміз осы. Оны көздің қарашығындай сақтау қажет. Ал, тәуелсіздіктің баянды болуы көп жағдайда мемлекеттің экономикасы мен қорғаныс қуатына байланысты.

Ә. Қ. – Ераға, Төуелсіздіктің дәмін алып жатқан жүртпыш. Алғашқы кезең тым ауыр өткені белгілі. Одақтан қалған қырық жамау экономика онсыз да жүдеу халықты көтерем қып тастады. Қеңестік жүйеге өбден бауыр басып алған жүрт жоғарыға көп-көп емексіді. Түк тамбады.

Білім беру саласы да сандаған теперішті бастан өткерді.
Қазір сізден сұрайын деп отырған сұрағымның білімге
қатысы да жоқ. Ол үлкен, қордалы әңгімені тағы бір
жолыққанда қозғармыз.

Бір ауыз сөзбен ғана өриектейтін болсақ, дәл осы Тәуелсіздік сіздің жеке өз басыңызға нендей өзгеріс өкелді?

Е. М.: (Ол сөл-пөл ойланып отырып қалды. Шамырқанғанда өститін: қасын керіп, көз шаrasы үлгайыштырырды-отырды да) Менің жұрттан бөлек қуанышым да, қасіретім дежоқ. Қазақстаниң тағдыры – менің тағдырым. Өмірімді мән баяғыда-ақ туған Отанымның садағасына шалғанмын.

**Бұғынгі әңгімені осымен тәмамдайық. Жолыққанша
күн жақсы болсын!**

ЕКІНШ САРЫН

Ерағаңмен сол кездесу, сыр ашысадан кейін біраз уақыт жолығудың, еркін отырып әңгімелесудің сөті түспеді. Анда-сanda белгілі бір жиындарда басымыз тоқайласып қалғанымен, сұхбат жасап отыруга мүмкіндік табылмағаны рас. 2000 жылдың алғашқы айларына деп белгілеген кездесуіміз аяқ астынан тағы да өзгерді. Ерағаң алдымен Германияға, онан соң іле-шала Америкага іссапармен аттанды. Соナン кейін...

Ерекең Кенді Алтайға, оның орталыры Өскеменге 1984 жылы ат басын тіреген. Ондағы іргелі оқу орны - Өскемен мемлекеттік педагогика институтын 20 жыл басқарған профессор Юмаш Қөрімұлы Уәлиев зейнеткерлікке шығып, сол кісінің орнына Білім жөне ғылым министрлігі Ережеп Әлхайырұлын лайық деп тауыпты.

Ерағаңның бұл оқу орнын өз биігіне шығару үшін атқарған еңбегі ұшан-теңіз. Оны ешкім жоққа шығара алмайды. Мемлекетіміздің Шығыс пұшпағы - Өскемен сынды түйік провинциядағы республикамыздың сандаған педагогикалық институттарынан түк те айырмасы жок оқу орнын төуелсіздіктен кейінгі экономикалық ауыр жылдардың өзінде университетке айналдыру – екінің бірінің қолынан келмейтін шаруа. Сонымен, Ерағаңның басшылығымен Өскемен педагогикалық инситуты Қазақстанда ҚАЗМУ мен ҚАРМУ-ден кейінгі үшінші университет болып төбе көрсетті. Ол туралы кейін айтыла жатар.

Зейнеткерлік жасына келгеннен соң өзі үкілеген, университеттік деңгейге өзі жеткізген оқу орнын министрлікпен ақылдаса отырып басқа адамға тапсырған Ерағаң іргетасын өзі қалаған Қазақ - Американ еркін университетінің басшылығына ауысты. Америка мен екі ортаға шақылауы көбейді. Қашан көрсөнде де тың идеялармен қоржынын толтырып, сол жаңашыл бастамаларын жүзеге асырғанша жарғақ құлағы жастыққа тимей жүретін Ерекенді «ұстау» қыынға айналғаны тағы да шындық.

«Аңдыған жау алмай қоймайды» деуші ме еді қазекем,

қалай да оңаша кездесуді мұрат етіп жүрген мен ақыры Ерагаңды жұмыс бөлмесіне қақпайладым. Құндізгі арсы-күрсі шаруа бітіп, университеттегі оқытушылар мен студенттердің сапырылысы аяқталған шақты екеуіміз бір-бір шыны шайды сораптай отырып қоңыр кешті қоңыр өңгімеге толтырдық.

Ә. Қ. Ерага, сіз Өскеменге ат басын тіреген кезеңиен жыл өтер-өтпестен Михаил Горбачевтың «қайта құруы» басталды. Қоғамымыздың барлық саласында дерлік таныс емес таңсық реформалар бой көрсетті. Орталық Комитеттегі бірінші басшы тарапынан асыра сілтеушіліктің құресі де күркірекен кездері есімізде.

Құрзінің жуан тұсы Қазақстанға тиді. 1986 жылғы өйгілі Желтоқсан есіңізден шықпайтынын да білемін. Десек те сол Желтоқсанды біреулер оқиға деп, сінді біреулер көтеріліс деп, бөзбіреулер стихиялы түрде етек алған көдуілгі тобырлардың қозғалысы деп, қойыңызып, бұрыштан бұрышқа қуалап аяқ доп (футбол) етіп жүр. Сол туралы сіздің шындығыңыз не дейді? Соңан кейін...

1994 жылы Өскеменде төрт қазақ жігітін шешен ұлтты азаматтар бауыздап кетіп, мәселе ушығып, ұлтаралық қақтығысқа айнала жаздағанын білесіз. Қазақтың Өскемендегі жастары намыс наизагайын ойнатып жатқан шақ күні кешегідей көз алдыңызда шығар. Өңгіме мынада: сол жастар сіздің бірауыз сөзіңізге құлдық үрып, ашуларын ақылга женгізіпті деген аңызға бергісіз сөз бар. Қазақтың белгілі бір оқиғаны бірер жыл өткен соң тұздықтап, көтермелеп, сорнасына молырак су құйып қайтара, мұлдем жаңа табақпен тартатыны бар. Сол оқиғалар хақында өңгіме өрбітсек қайтеді? Жалпы осы кезің қазақтың ұлы мен қызы қалай есіп келеді? Қоңіліңіз тола ма? Өйтпесе...

Е. М.: (Ерагаңның қабиғы сөл түйілді. Қоңілінде кірбің барын байқадым. Асқазаны сыйдан отырғандай түйіліп-түйіліп отырды да) Басымыздан не өтіп, не қоймады. Сонау XV ғасырда әмір сүрген Шалқиіз жырау бабамыз өзінің бір толғауында:

Жауынды күні көп журме,
Жар жагасы тайғақ-ты.

ЕКІНШІ САРЫН

Ерағаңмен сол кездесу, сыр ашысадан кейін біраз уақыт жолығудың, еркін отырып әңгімелесудің сөті түспеді. Анда-санда белгілі бір жиындарда басымыз тоқайласып қалғанымен, сұхбат жасаптыруға мүмкіндік табылмағаны рас. 2000 жылдың алғашқы айларына деп белгілеген кездесуіміз аяқ астынан тағы да өзгерді. Ерағаң алдымен Германияға, онан соң іле-шала Америкаға іссапармен аттанды. Соナン кейін...

Ерекең Кенді Алтайға, оның орталығы Өскеменге 1984 жылы ат басын тіреген. Ондагы іргелі оқу орны - Өскемен мемлекеттік педагогика институтын 20 жыл басқарған профессор Юмаш Қөрімұлы Уәлиев зейнеткерлікке шығып, сол кісінің орнына Білім және гылым министрлігі Ережеп Өлхайырұлын лайық деп тауыпты.

Ерағаңның бұл оқу орнын өз биігіне шығару үшін атқарған еңбегі ұшан-теңіз. Оны ешкім жокқа шығара алмайды. Мемлекетіміздің Шығыс пүшпағы - Өскемен сынды түйік провинциядағы республикамыздың сандаган педагогикалық институттарынан түк те айырмасы жок оқу орнын төуелсіздіктен кейінгі экономикалық ауыр жылдардың өзінде университетке айналдыру - екінің бірінің қолынан келмейтін шаруа. Сонымен, Ерағаңның басшылығымен Өскемен педагогикалық инситуты Қазақстанда ҚАЗМУ мен ҚАРМУ-ден кейінгі үшінші университет болып төбе көрсетті. Ол туралы кейін айтыла жатар.

Зейнеткерлік жасына келгеннен соң өзі үкілеген, университеттік деңгейге өзі жеткізген оқу орнын министрлікпен ақылдаса отырып басқа адамға тапсырған Ерағаң іргетасын өзі қалаған Қазақ - Американ еркін университетінің басшылығына ауысты. Америка мен екі ортаға шақылауы көбейді. Қашан көрсеңіз де тың идеялармен қоржынын толтырып, сол жаңашыл бастамаларын жүзеге асырғанша жарғақ құлағы жастыққа тимей жүретін Ерекенді «ұстау» қынға айналғаны тағы да шындық.

«Аңдыған жау алмай қоймайды» деуші ме еді қазекем,

қалай да оңаша кездесуді мұрат етіп жүрген мен ақыры Ераганды жұмыс бөлмесіне қақпайладым. Құндізгі арсы-күрсі шаруа бітіп, университеттегі оқытушылар мен студенттердің сапырылысы аяқталған шақты екеуіміз бірбір шыны шайды сораптай отырып қоңыр кешті қоңыр өңгімеге толтырдық.

Ә. Қ. Ерага, сіз Өскеменге ат басын тіреген кезеңден жыл өтер-өтпестен Михаил Горбачевтың «қайта құруы» басталды. Қоғамымыздың барлық саласында дерлік таныс емес таңсық реформалар бой қөрсетті. Орталық Комитеттегі бірінші басшы тарапынан асыра сілтеушіліктің күресі де күркіреген кездері есімізде.

Күрзінің жуан тұсы Қазақстанға тиді. 1986 жылғы өйгілі Желтоқсан есіңізден шықпайтынын да білемін. Десек те сол Желтоқсанды біреулер оқиға деп, енді біреулер көтеріліс деп, бөзбіреулер стихиялы түрде етек алған көдуілгі тобырлардың қозғалысы деп, қойыңызышы, бұрыштан бұрышқа қуалап аяқ доп (футбол) етіп жүр. Сол туралы сіздің шындығыңыз не дейді? Соңан кейін...

1994 жылы Өскеменде төрт қазақ жігітін шешен үлтты азаматтар бауыздап кетіп, мәселе ушығып, үлтаралық қақтығысқа айнала жаздағанын білесіз. Қазақтың Өскемендегі жастары намыс наизагайын ойнатып жатқан шақ күні кешегідей көз алдыңызда шығар. Өңгіме мынада: сол жастар сіздің бірауыз сезінізге құлдық ұрып, ашуларын ақылға женгізіпті деген аңызға бергісіз сөз бар. Қазақтың белгілі бір оқиғаны бірер жыл өткен соң тұздықтан, көтермелеп, сорласына молырақ су құйып қайтара, мұлдем жаңа табақпен тартатыны бар. Сол оқиғалар хақында өңгіме өрбітсек қайтеді? Жалпы осы кезгі қазақтың ұлы мен қызы қалай өсіп келеді? Қоңіліңіз тола ма? Өйтпесе...

Е. М.: (Ераганың қабагы сол түйілді. Қоңілінде кірбің барын байқадым. Асқазаны сыйдан отыргандай түйіліп-түйіліп отырды да) Басымыздан не өтіп, не қоймады. Сонау XV ғасырда өмір сүрген Шалкиіз жырау бабамыз өзінің бір толғауында:

Жауынды күні көп журме,
Жар жағасы тайғақ-ты.